

«№4 Хромтау орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар мектеп әкімшілігі

05.01.2026ж

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 5

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. ҚР БҒМ 27.07.2017ж №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысу.
2. Мектептің жөндеу жұмыстарына бөлінген қаражаттың есебі.
3. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі. Мектепке бейнекамералар , кіреберіске турникет орнату.
4. Әр түрлі сұрақтар.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша, қамқоршылық кеңестің төрайымы Камбарова К.Г. сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 (өзгерісі мен толықтырулары ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56) бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» 2-қосымшасы 2 тарау 4 тармағы негізінде №4 Хромтау орта мектебінде қамқоршылық кеңес құрамы сайланып, бекітілді.

Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қосымша-1 тізім бойынша білім беру ұйымдары жанынан Қамқоршылық кеңес қалыптастырылды. "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, №4 Хромтау орта мектебінің директоры Ешкеева А.Т. мектептегі жүргізілген жөндеу жұмыстарына тоқталып өтті. Мектептің сырты биыл күрделі жөндеуден өтті. «Алихан ОЙЛ» ірі компаниясы мердігерлерімен жұмыс жүргізілді. Мектептің сыртын және мектептің төбесі ашылып, жабылды. Көптен күрделі жөндеуден өтпеген мектептің сыртына 496026.5 млн. теңге көлеміндегі қаражаттың жұмсалды.

Одан бөлек, мектептің ішіне де бірқатар жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Яссауи тану», «Кітапхана», «Қазақ тілі» кабинеті, «Технология» кабинеттері жаңадан жасақталды. Оған қаражат бюджеттен бөлінді.

Былырғы жылы бізге бөлінген қаражаттың барлығы игерілді. Жылдың соңында тексеріс келіп, бәрі ойдағыдай өтті.

Үшінші мәселе бойынша, жылдың соңында бюджеттік тапсырыс беру бойынша жоспар құрылды. Жоспарға өрт дабылын іске қосу енгізілді. Себебі, ол да жарамсыз болып тұрды. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, мектептегі бейнебақылаулардың жұмысы, күзет қызметінің ұйымдастырылуы, кіреберістегі турнекеттің орнатылуы туралы өз сөзінде баяндады, мектеп директоры Айгул Төлеуқызы Ешкеева.

Қаулы:

1. ҚР БҒМ 27.07.2017ж №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысып, әрі қарай қамқоршылық кеңесі жұмысы жүргізілсін.

2. Мектептің 2025 жылғы ағымдағы жөндеу жұмыстарына бөлінген 496026.5 млн. теңге көлеміндегі қаражаттың жұмсалуды туралы есебі (№1 қосымша) бекітілсін.

3. Мектептің негізгі кіреберісіне автоматтандырылған бақылау-өткізу жүйесі (турникет) орнатылсын. Мектептің периметрі, кіреберіс топтары, дәліздері, асханасы және спорт залдары сияқты жалпыға ортақ орындарды қамтитын бейнебақылау жүйесі толық жаңартылып, Ішкі істер органдарының Жедел басқару орталығына (ЦОУ) қосылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Камбарова Куляйм Габбасовна

Хатшы: Қалдыбаева Нурсәуле Амангельдиевна

Мүшелері:

Сағымжанұлы А.С.

Реймов Қ.Е.

Сорока Ирина Анатольевна

Волненко Людмила Сергеевна

Насырова Л.М.